

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Ысмайыл Гаспыралы: Шығыс пен Батыс үйлесімі



Егемендіктің елең-алаңында, тәуелсіздіктің таңсәрі шағында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сыртқы саясат саласында алдымен бет бұрған бағыттарының бірі түркі әлемімен жан-жақты байланыстарды жолға қою болды. Соның ішінде тарихы ортақ, діні ортақ, тілі ұқсас, ділі жақын туысқандарымыздың өзара рухани қарым-қатынасына да қатты көңіл бөлді.

Сол тұста Қазақстан делегациясының құрамында Түркияға барған Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов сапарда көргенбілгендерін «Сырдан суыртпақ» деген мақаласында жазған. Мақаланың бір жерінде Нұрсұлтан Назарбаевтың Сүлеймен Демирелге бүкіл түркі әлеміне ортақ академия құру жөнінде ұсыныс жасағаны айтылады. Әңгіменің ауанын Қалағаң қағазға былайша түсірген:

« – Нұрсұлтан мырза, тамаша ой айттыңыз, мен дайын. Сонда, Сіздіңше, ортақ академия қай мемлекетте болуы керек? – деген Сүлейменнің ар жағында: «Осыны бекер қозғадым ба?» деген ойдың төбесі көрініп қала жаздады.

– Халықтың салмағына қарасақ, Сізде болуы керек, ал тарихтың салмағына қарасақ, бізде болуы керек. Басқаны айтпағанның өзінде, бүкіл түріктің рухани аталары Қорқыт пен Ясауи мазары қазақ жерінде ғой.

Сүлеймен:

– Мұны түркі тектес мемлекеттердің қайсысы болса да мойындайды, – деумен тоқтады.

Екі жақ пәтуаға келді».

Елбасымыз өз ойын ақыры жеріне жеткізді. Түркі Академиясы да құрылды, оның орналасатын жері «Көп түрік енші алысып тарасқанда, қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?» деп Мағжан ақын жырлаған Қазақ елінің елордасы Астана қаласы болып белгіленді. Мұның өзі мемлекетіміздің мерейін асыратын, мәртебесін биіктететін шоқтықты шешім. Жақында, 15 қазанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Түркі Академиясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңға қол қойды. Бүгінде Түркі Академиясы жұмысын кең құлашпен жүргізуде.

«Егемен Қазақстан» «Түркі әлемі: тұлғалар тағылымы» атты жаңа айдар ашып отыр. Оның аясында түркі дүниесінің тарихи түп-тамырының ортақтығы туралы, халықтарымыздың атын әлемге әйгілеген тұлғалар туралы танымдық мақалалар, сұхбаттар жариялап тұрмақшымыз. Айдардың алғашқы мақаласы Қырым татары ұлтының ұлы перзенті, жәдитшілдіктің негізін салған ойшыл, ғылым әлеміне Исмаил Гаспринский атымен танылған Ысмайыл Гаспыралы туралы әңгімелейді. Биыл бүкіл түркі дүниесінің мақтаныш тұтуына тұрарлық тұлғаның қайтыс болғанына 100 жыл толып отыр.

Ысмайыл Гаспыралы немесе Исмаил Гаспринский – XIX-XX ғасырлардың тоғысындағы бүтін түркі дүниесіне, жалпы адамзатқа ортақ аса ірі қайраткер, қаламгер, жазушы, ойшыл, ағартушы. Оның жаңашылдығы, түркі-мұсылмандар арасындағы ағартушылық-реформалық бастамалары сол кездегі ортақ отанымыз бен шетелдердің бірнеше буынын тәрбиеледі. Бүгінде Ы.Гаспыралы есімі – ұлттық парасаттың, азаматтық батырлықтың, халыққа адалдықтың, ар мен намыстың рәмізі сынды.

Ысмайыл өз кезеңіндегі барлық адамдар секілді, патшалық-әміршілік қыспақтың, діниазаматтық шектеушіліктің, құқықсыздықтан туған торығушылық пен үмітсіздіктің бар құқайын көрді. Оны бала күнінен отбасына, ортасына, ауылаймағына, өлкесіне, өңіріне, мемлекетіне, діндестеріне, тілдестеріне, тұтас әлемге жанашырлығы өсіріп-жетілдірді. Жаратылысынан сұңғыла азамат қай жерде туса да, осындай алдына үлкен мақсаттарды қойған тұлға болып қалыптасар еді. Бірақ өмірде мұндай арманшыл жандар аз ба? Мәселе – арманды өз қолыңмен орындауда және халық сенімінің үдесінен шығуда. Оған білім керек, білік керек. Жігер мен парасат керек. Ы.Гаспыралы, тарих талқысы көрсеткендей, дәл сондай қасиетке ие тұлға болып шықты.

Әрине, бәрі отбасынан басталады. Қайраткердің атасы Әли Қырымдағы Ялта маңында аз-кем жері бар патша өкіметінің ең төменгі шенді («коллежский регистратор») шенеуніктерінің бірі болыпты. Әкесі Мұстафа әскери қызметкер екен. Осы тұста оның біздің Шоқанмен ұқсастығы шығады. Мұстафа Гаспыралы (ол Қырымның оң жағалауындағы Гаспыра ауылында туғандықтан, осындай фамилия алған) Кавказдағы патшаның сенімді өкілі генерал М.С.Воронцов жанында алғаш татар тілінің аудармашысы, соңынан шығыс тілдерінің аудармашысы болады. Демалысқа поручик шенінде шығып, артынан ізденіп дворян дәрежесін алады.

Ы.Гаспыралының Алаш библиографы: «Исмағұл мырза Мұстафаұғлының ата-анасы бұрынғы Қырым хандары нәсілінен келген ханзада балалары болған» деп жазады (Түрік баласы. Исмағұл бек Гаспрински // «Қазақ» газеті, 1914, 30 қыркүйек; 8-16 қазан).

1851 жылы 8 наурызда Бақшасарайдың Авджы (Аңшы) ауылындағы (кей деректерде Ұлы-Сала ауылы; «сала» – елді мекен, ауыл деген сөз) әскери қызметкердің шаңырағында дүниеге келген Ысмайыл мектепке бармай жатып дворян әулетінің баласы атанады. Болашақ қайраткердің тәрбиесімен анасы Фатима-Сұлтан Темір-Ғазикызы айналысады. Талапты бала алғаш мұсылман мектебінде, содан кейін екі жыл Симферопольдегі қазыналық ер балалар гимназиясында оқиды. Мұнан соң әкесі Ысмайылды Воронеж әскери училищесіне білім алуға жібереді. Мұнда ол ұзақ оқымай, әрі қарай Екінші (милютиндік) Мәскеу әскери гимназиясына оқуға түседі. Осы орталық сапары мен оқу Ысмайылдың болашағын айқындап береді.

Келешек түркі тұлғасы әкеден ерте қалып жетілген, ММУ сынды іргелі оқу орнын бітіріп, орыс саяси журналистикасының негізін қалаған, «Московские ведомости» газеті мен «Русский вестник» журналының редакторы болған қаламгер М.Н.Катковтың үйінде жатып, тәрбиеленді. Ресей өкіметін қалам қуатымен орнына қоя алған осы тұлғаның үйінде жүріп жазушы И.С.Тургеневпен танысады. Осы үйде ағартушылық пен қаламгерлік тің әліппесін үйренеді. Сірә, дәл осы шаңырақта Ысмайылдың түрік бірлігі мұратына деген құштарлығы да оянса керек. Өйткені, М.Н.Катковтың славяншылдық ұстанымы жылдан-жылға артып, көп пікірлестерімен арасының ашылып кеткені тарихтан мәлім.

Алаштың «Түрік баласы» бұл орайда бүй дейді: «Катков «М. Ведомости» атты газетаның аса ұлтшыл жазушыларынан болып, ылғи түріктерге тиіп, түрікті қорлап жазады екен. «Атаңа кім тисе, дұшпаның сол» дегендей, һәркім өз ұлтын сүю, өз ұлтына қызмет ету керек екенін Исмағұл мырза сол Катковтың үйінде жүргенде ұққан...».

Бұл жағдайда Ы.Гаспыралының өмірін күрт өзгертеді. Ол әскери оқуын тастап, жастық албырттығымен үлкен міндеттерді жоспарлайды. Осы кезде Крит аралында гректердің Осман империясына қарсы көтерілісі бұрқ ете қалады. Ысмайыл әскери училищеде бірге оқыған досы, латыштатары Мұстафа Дәуітоғлымен (Давидович) Одесса арқылы Ыстанбұлға аттанбақ болады. Бірақ бұлардың бауырластық көмегі жүзеге аспай, шекарадан еліне қайтады...

Сөйтіп, 18 жастағы Ысмайылдың Бақшасарайдағы жаңа өмірі басталады. Алғаш ол Қырымхандарының кезінен бар тарихи Зинджырлы медресесінде, сонан кейін Ялтадағы Дүрек ауылы медресесінде орыс тілінен сабақ береді. Сол уақыттың дәстүрінде талапкер «мұғалім құкын» жауапты адамдар мен шенеуніктердің, ынталы халық өкілдерінің алдында ашық қорғауы керек екен. 1870 жылы 1 мамырда Симферополь қазыналық ер балалар гимназиясында Ысмайыл «қалалық бастауыш оқу орындарындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі» дәрежесін абыроймен қорғап шығады.

Болашақ ағартушы әлгі сынақтан кейін бір ғана жыл мұғалім болады. Уақыт ағымы мен талғамы солай ма, жас талап шетел тәжірибесін көруге асығып, Францияға аттанады. Бұл уақытта Парижде үлкен реформаларға дайындалып жатқан және бір-бірімен аса мүдделес емес Мысыр, Түркия зиялылары да топтасқан еді. Мұнда ол «Ашет» агенттігіне шығыс тілдерінің аудармашысы болып орналасады. Парижге топтасқан зиялылармен, университеттердегі шығыстанушылармен сұхбат құрып, кеңесіп, білігін көтереді. Осында

орнығып қалған И.С.Тургеневтің көмекшісі (кей деректерде хатшысы) болады. Бұл жазушының маңайына да зерделі орыс зиялылары жиналса, Ысмайыл олардан да аз өнеге алмады.

Ы.Гаспыралы үш жылдық «Париж өмір мектебін» бітіріп, 1874 жылы Алжир, Тунис, Египет, Грекия елдерін аралап танысып өтіп, Ыстанбұлға барады. Мұнда немере ағасы Сүлейменнің үйінде аялдап, түрік танзимат (өзгеріс) қозғалысының жуан ортасында жүрген қайраткерлермен танысады, білім мен мәдениет саласындағы Осман империясының Еуропа бағытындағы ізденістерін зерделейді, баспа және баспасөз тәжірибесін байыптайды. Түрік басылымдарына Ресей мен Еуропа туралы ақпараттық мағлұматтар беріп, аудармалар жасайды.

XIX ғасырда Осман империясында әскери оқу орындары өркендей бастағаны белгілі. Бұл туралы даңқты Абай ақын да жазады. И.Гаспыралы Ыстанбұл сапарында осындағы әскери училищеге («Харбия») түсуді мақсат етеді. Бірақ бұған Осман империясындағы Ресей елшісі граф Н.П.Игнатьев қолдау көрсетпейді.

1876 жылы Ысмайыл еліне – Қырымға қайтып, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Шетелдерде азаттық пен жаңғырудың лебін сезініп келген қайраткер жергілікті басқару жүйесіне өз үлесін қосуды қалайды. 1878 жылы наурызда сайлауға түсіп, Бақшасарай қалалық думасының депутаты мандатын жеңіп алады. Сол жылы қараша айында – қала басшысының орынбасары, 1879 жылы 5 наурыз да қала басшысы болып тағайындалады. Сірә, жас қайраткердің талабы мен талғамы сол кезде Таврия губернаторы А.А.Кавелиннің көңілінен шықса керек. Бір кезде Қырым хандарының ордасы болған Бақшасарай XIX ғасырда уездік қала деңгейіне түсіп қалған еді. Мұның түрлі себебі бар: 1853-1856 жылғы Қырым соғысынан кейін қырым татарларының бір бөлігі Түркияға амалсыз қоныс аударды. Кейбір деректерге қарағанда қаланы И.Гаспыралы басқарған кезде 10 мыңдай тұрғын болған. 30-дан аса мешіт, 3 медресе, 1 орыс-татар мектебі жұмыс істеген. Ысмайыл қала бюджетін 3 есе көтеріп, жолдарды жөндеу, көшелерді абаттандыру, халықтық аурухана соғу сияқты әлеуметтік мәселелерді шешкен. Бұл қызметті ол тура бес жыл, 1884 жылы 5 наурызға дейін атқарады.

И.Гаспыралының осы жылдардағы айрықша еңбегі – «Терджиман-Переводчик» газетін шығаруы еді. Бұл туралы өзі: «Өзгелерге үндеу айтып, өзім де қол қусырып қана отырмадым. 1883 жылдан бастап «Терджиман – Переводчик» атты татар-орыс тілдерінде апталық газет шығардым (10 сәуірде – Д.К.). Бастапқыда ол Ресей мұсылмандарына, солардың таным-түсінігі мен ұғымына арналса да, кейін басылымның империя шекарасынан тысқары мұсылман жерлеріне таралуын ескеріп, бұлардың экономикалық, саяси жағдайын, отанымызбен қарым-қатынас ерекшелігін зерттеуіме түрткі болды», деп жазды.

Тіпті И.Гаспыралының жар сүйіп, отбасын құруы да «Тәржіманды» шығару идеясымен байланысып кетеді. Қайраткердің алғашқы бірінші жұбайының есімі – Самур (бұлғынның бір аты). Ол Ялтада қонақүй мен бау-бақша ұстаған Молда Асан дейтін ауқатты адамның қызы екен. Жас жігіт қыздың әкесіне барып үйленетін ойын айтқанда, білімге жанкүйер Ялта зиялысы бұл ұсынысқа қарсы болмайды. Тіпті кейін күйеу баласының газет шығару бастамасын қолдап, бастапқы қаржыны да өзі береді («3 мың рубль және бау-бақшасы мен үйін сатқан қаражатты осы іске жұмсады» деген дерек бар). Бұл қомақты сомаға И.Гаспыралы баспахана жабдықтарын сатып алып, алғашқы «Орыс мұсылмандығы» кітапшасын шығарады. Енді ол «Пайдалы әглендже» («әглендже» – сауық, ермек), «Мектеп», «Заң» атты түркі халқына ортақ танымдық газеттер шығармақ болады. Билік орындары бұл бастаманы қолдамайды. Сондай-ақ, бұған әлгі қаржы да аздық етеді. Өйткені, баспахананы жүргізудің сансыз машақаты алдан шығады. Оны техникалық тұрғыдан құру, маман іздеу - бәрі де ақшаға барып тіреледі. Сол уақытта ағартушы амалсыз Молда Асанға қонақүйді сату мәселесін айтады. Ол кісі істің баяндылығынан күдер үзеді. Қаржы тоқталады. «Тәржіманға» даярлық шарасы қиын

күндерді бастан өткереді. Бұл жағдай Самур Асанқызы көңіліне де қаяу салса керек, ерлізайыптының дәм-тұзы жараспай кетеді...

Ысмайылдың екінші үйленген жары – БибіЗухра Ақшора. Ол өзі Сімбір губерниясында шұға фабрикасын ұстаған дворян Асфандияр Акчуриннің қызы екен. Анасы ерте қайтқан соң, әкесі оның беймаза халін көп ойлап, Ялтадағы дәрігерлерге қарататын көрінеді. Мұнда ол немере ағасы Ибрагиммен бірге келіп жүріпті. Ибрагим болса бір кездері әскери училищеде Ысмайылмен қатар оқыпты. Әрине, бұрынғы достар Қырым жерінде кездеседі, сұхбаттасады. Осылай жүріп білімді, талапты, көркем Бибі-Зухра Ы.Гаспринскийдің көзіне түскен. Екі жас сөз байласқан. 1882 жылы Ысмайыл татар ғұрпымен қыздың әкесінің алдынан өтпек болып, Мәскеу мен Қазанның ортасындағы Төменгі Жаңақаланың (Нижегород) Мәкәржі (Макарьев) жәрмеңкесіне Бибі-Зухраның әкесін іздеп келеді. Бай Асфандияр салған жерден Ысмайылдың ұсынысын қабылдамайды. Сірә, бұған оның Молда Асанды танитындығы әсер етсе керек.

Уақыт тар, жоспар көп. Ы.Гаспыралы тағдырдың бұлталағына көнбей, батырлықпен қалыңдығы тұратын Сімбірдің Коромыслово селосына келіп, Бибі-Зухрамен ғұрыпқа негізделген некеге тұрады. Ақылға салып, мұнысын Уфа мүфтиі Сәлімгерей Тевкелевке бекіттіріп алады. Асфандияр Акчурин қанша ашуланса да, перзентінің қалауына қарсы тұра алмайды...

Бибі-Зухра Асфандиярқызының бай жасауы да «Тәржіманға» жұмсалады. Қазақ айтатын «алтын да – тас, тас та – тас, екі жақсы қосылса, бірінбірі тас тамастың» кері келеді: алтын әшекейлер, күміс ыдыс-аяқтар Ресей түркі дүниесінің баспасөз қарлығашы – «Тәржіманның» садағасы болады. Бірнеше тілде еркін сөйлеп, жазатын Бибі-Зухра газет шығаруда Ысмайылдың көмекшісіне айналады.

XIX ғасырдың 80-90 жылдары мен жаңа ғасыр басында Ысмайыл Гаспыралы «Тәржіман» мұратын салаландырады: 1886 жылы бас газетінің жарнамалық қосымшасын оқырманға ұсынады; 1887 жылы «Тәрбие», 1891 жылы «Қатын» журналын түрлі кедергілерге байланысты шығара алмаса, сол бастаманы ақыры жүзеге асырып, 1906 жылы «Алем-инисван» (әйелдер әлемі) журналын жариялайды. Соңғы басылымға қызы Шефика редакторлық етеді (Бұдан басқа Ы.Гаспыралының Рефат, Айдар, Мансұр атты ұлдары және Хадиша, Никяр атты қыздары болыпты) 1906 жылы «Ха-ха-ха» атты әзілсықақ журналын, мұнан кейін екі қоғамдық-саяси басылым – Ресей мемлекеттік Думасы Мұсылман фракциясының «Миллет» газетін (1912 жылы осындай атпен Уфадан Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ Сәлімгерей Жантөрин де газет шығарды деген дерек бар), Мысыр мұсылмандарына арналған араб тілінде «Әл-Нахда» (қайта өрлеу) газетін шығарады. 1910 жылы «Алем-и субьян» (балалар әлемі) журналын шығарады. Қайраткердің әулеттік баспа ісіне баласы Рефат ерекше жәрдемдеседі.

Айтқандайын, Ресей мұсылмандарына арнап «Құран» басылымын (кітаптарын) шығаруды да Ы.Гаспыралы баспаханасы бастайды. Ағартушы әр қашан дінді таным мен дәстүр, ізгілік пен жауапкершілік қайнары ретінде алға ұстап отырады.

Жылдан-жылға «Тәржіманның» беделі артады. Бұл газет бастапқы жылы 320 данамен шықса, кейін ол дүние мұсылмандарына 20 мың таралыммен жетті. Оның материалын Шығыс мұсылмандарының «Икдам», «Себах», «Гайрет», «Ватан», «Диккат», «Хидмет», «Агонк», «Заман», «Каир», «Нил», «Ахтер», «Наасури» газеттері тұрақты түрде көшіріп басты. Басылымның таралу аясы кеңейіп, шығыс мұсылмандарынан басқа Еуропа, АҚШ, Қытайға дейінгі оқырманды қамтыды.

Түркі мұсылмандарына Ы.Гаспыралымен бірге оның газет шығару мен баспасын жүргізу ісіне көмектескен Осман Ақшоқырақлы, Мемет Нүзет, Жақып Шәкір-әли, Үсейін Шәмил Тоқтарғазы, Әбіләкім Іліми, Асан Сабыри Айваз, Ысмайыл Ләтиф-заде, Сейіт-Абдулла Өзенбашлы, т.б. қаламгерлердің есімі, жазғандары таныс бола бастайды.

1893 жылы Бақшасарайда «Тәржіманның» 10 жылдық тойы өтеді. Оған Ресейдің ірі қалаларынан, шетелдерден (Түркия, Иран, Үндістан, Бұхара, Хиуа, т.б.) қонақтар келеді.

Бәрі де Ысмайылға өз елдерінің құттықтау-марапатын тапсырады. Осы ретте Зухра атына да «милләт анасы» деген жылы, ізгі сөздер айтылады.

«Тәржіман» өз тұсында көп мәселе көтерді. Алайда соның ішінде ең сүбелісі – түркі мұсылмандарының ағаруы мен дамуына тікелей байланысты іс-әрекеттер тетігін көрсетуі еді. Олар: 1) мұсылман халқының білімін реформалау – жәдитшілдік құбылысы, үдерісі; 2) рухани күшті (білім, баспасөз, әдебиет, дін, т.б.) елді ағартуға жұмылдыру; 3) саяси сергектікті насихаттау.

Ысмайыл Гаспыралының түркі-мұсылмандарына арнап айтқан «Тілде, пікірде, істе – бірлік!» ұраны реформаторлық ісінің нақтылығын, бейбітшілік пен өркендеуді өзек еткенін айғақ тайды.

Балаға әліппені дыбыстап үйрету (оқу) әдісінен бастап (мұсылман елдерінде араб тілін буындап оқыту қалыптасқан) әлемдік дүниелік білімді (жаратылыстану, техника, т.б.) тездетіп меңгертуге дейінгі аралықты қамтитын төте жол немесе өзгеріс жолы – И.Гаспыралының жәдитшілдігіне негіз болды. Ағартушының 1884 жылғы «Ходжа-и субьян» (балалар мұғалімі) атты оқулығы қазан татары, башқұрт, қазақ, өзбек, әзербайжан, қырғыз, түрікмен, кавказ түріктері (ноғай, құмық, қарашай, т.б.), османлы түркі, үнді, тәжік, солтүстік парсы, шығыс қытай мұсылмандары арасына кең тарап, білімнің жаңа дәуірін бастады.

Гаспыралының жәдитшіл білім жүйесі: мектеп (бастауыш) – мектеп-рушдие (орта мектеп) – медресе (жоғары мектеп) бірлігінен тұрды. Сабақ құрылымына дүниелік білімдер батыл енгізіліп, баланы жазалайтын байырғы әдістердің баршасы адамшылық, жауапкершілік әдістеріне алмастырылды. Тарихи факт ретінде айтуға болады, Ы.Гаспыралының осы бағыттағы тұңғыш мектебі 1884 жылы ашылды. 1895 жылы бір Бақшасарайда 7 жәдит мектебі болды. Жаңа, жүйелі идея тез қолдау тауып, Еділ бойы мен Түркістанның сан жүздеген мектептері кешікпей осы бағытқа түсті.

Ағартушы осы мектептер үшін «Ходжа-и субьян» бағытын жалғастырып, 1886 жылы «Кираат-и түрки» («Түрік тілінде оқу»), 1892 жылы «Атласлы джаграфия» («Атласты география»), 1897 жылы «Мухтасар хисаб ва мисал» («Қысқаша арифметика»), 1902 жылы «Сарф-и түрки» («Түрік тілінің морфологиясы») оқулықтарын жазды.

Ы.Гаспыралы тек ағартушы-журналист, жәдитшіл-баспагер ретінде ғана емес, халықаралық деңгейдегі саясаткер, Ресейдегі беделді білім иесі, қайраткер ретінде де көрінді. Ол 1887 жылы Таврия ғылыми-архив комиссиясының мүшесі болып сайланды. XX ғасыр басында Бүкілресейлік баспа қызметкерлері кәсіподағының, Кітапханашылар қауымының, Жарлы мұсылмандарға көмек қоғамының жұмысына белсене араласты.

1905 жылы Ы.Гаспыралы пікірлестерімен бірге жалпы ресейлік мұсылмандар одағы – «Иттифак аль-муслимин» (мұсылмандар ынтымағы) саясилибералдық ұйымын құрады. Өзі оның орталық комитетіне еніп, Қырым бөлімшесін басқарады. Осы жылдың аяғынан бұл ұйым «17 қазан одағымен» (патшаның халыққа түрлі жеңілдік берген манифестінің құрметіне құрылған, ауызекі тілде «октябристер» деп аталатын партия) ынтымақтасады.

Ы.Гаспыралы ғасыр басында өткен мұсылмандар съезінің бәріне де қатысып, төралқа мүшелігіне енеді. 1905 жылғы I съезде төраға болады (ден саулығына байланысты 1914 жылы Петер бор да өткен съезге қатыса алмайды). 1911 жылы Түркияның «Иттихадве таракки» (келісім және даму) партиясының орталық комитетіне мүше болып сайланады.

1907 жылы Каирде ислам әлемінің жаңғыруына мүдделі Әлемдік мұсылман конгресін шақыруды ұсынады. Ысмайыл осы мақсатта Мысырға бірнеше мәрте, ал Үндістанға жәдит мектебін енгізуге байланысты 1911 жылы арнайы барады.

Қайраткер Латвия татарлары өмірі мен тәжірибесін де зерттеп, олардың тұрмысын өзге мұсылмандарға үлгі еткен.

Екі мәрте Түркістан өлкесіне келіп, Ташкент, Самарқан, Бұхара, Хиуа (соңғы екеуі Ресейге толық бағынбаған кез) жағдайымен танысады. Бұхара, Хиуа әмірлерімен (хан)

жақсы байланыс орнатып, ол аймақтарда да білім реформасын жүргізуге кеңес береді. Олар да Қырымда демалғанда, И.Гаспыралымен жолығып, түркі дүниесіне ортақ іске қаржылай көмек көрсетеді.

XIX ғасырдың соңында «Орыс мұсылмандығы», «Орыс-шығыс келісімі» еңбектерімен (орысша жазылған) Ресей зиялыларын таңғалдырған, ұлтаралық, дінаралық, халықаралық, мемлекетаралық қатынаста білім мен мәдениеттің, сабырлылық пен жауапкершіліктің, достық пен ынты мақтастықтың қажеттігін жіті түсіндірген Ы.Гаспыралы публицистика мен оқу құралдарынан бөлек «Француз хаттары» («Фрэнгистан мәктүпләре», 1887), «Рахат елі мұсылмандары» («Дарур-рәхәт мәселманнары», 1887–1889/1906), «Судан хаттары» («Судан мәктүпләре»), «Қатындар өлкесі» («Хатыннар өлкәсе», 1890–1891), «Молла Габбас Франсауимен кездейсоқ кездесу: Күлбабаға зиярат» («Мулла Габбас Франсәвигә тәсад үф: Гөл Баба зиярәте», 1908), «Арыстан қыз» («Арслан қыз», 1893–1894), «Күн туды» («Көн тугды», 1905–1906), «Ахмет-бей Ташкенлі мен Бедрос Каракашян» («Әхмәт бәй Ташкенлы һәм Бедрос ага Каракашян», 1895), «Иван мен Сүлеймен» («Иван вә Сөләйман», 1897), «Исламдағы пәле» («Бәла-йи ислам», 1905) атты көркем шығармалар жазды. Тіпті баспагер ретінде «Тәржіманның» баспаханасын даярлап жүргенде құрастырып-шығарған алғашқы әдеби-публицистикалық жинақтарының аты мен заты біраз нәрсені ұқтырғандай: «Тунгуч» (тұңғыш, 1880), «Шафак» (шапақ, 1881), «Миръат джадид» (жаңа айна, 1882), «Салнама-и тюрки» (түрік күнтізбесі, 1882). Бұлардың бәрінен қайраткердің ағартушылық мұраты айқын аңғарылады.

Ысмайыл Гаспыралы өз заманында Бұхара әмірінің «Таң жұлдызы» алтын орденімен, Түрік сұлтанының «Меджидие» орденімен, Иран шахының «Арыстан және күн» орденінің екі дәрежесімен, Петербор Орыс Техника қоғамының қола медалімен марапатталған.

1910 жылы Француздың «Revue du monde musulman» журналы Ы.Гаспыралыны әлеуметтік-саяси, мәдени-ағарту қызметі үшін Нобель сыйлығына ұсынады.

Тағдырдың жазуымен Бибі-Зухра Ақшора 1903 жылы 41 жасында, Ысмайыл Гаспыралы 1914 жылы 63 жасында аурудан қайтады (әйелінікі – сүзек, ерінікі – құрт ауруы).

Қайраткер қайтыс болғанда бүтін мұсылман жұрты, түркі дүниесі қабырғасы сөгіліп, хандардың сүйегі жатқан Зынджырлы медресесі жанына арулап қойған.

Әр ұрпақ ағартушы, қайраткер Ы.Гаспыралыға өз білік-білім деңгейінде баға береді. Мысалы, Алаш кезеңі, дәлірек айтсақ, оның көсемі Әлихан Бөкейханов бұл қайраткерді «тарақи жолындағы мұсылман басшысы Ысмағұл мырза Гаспрински» деп таниды («тарақи» немесе «таракки» – «прогресс» деген еуропалық сөздің мұсылмандық баламасы).

Қазақта тұңғыш журнал («Айқап») ашқан Мұхаметжан Сералин ағартушы қазасына байланысты мақаласында: «Күні кеше жұрт қамы үшін қайғырып жүрген бір Асан қайғымыз арамыздан жоғалды. ...Жеңіл тәртіппенен оқытудың пайдалы екендігін, өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, ең қадірлі тіл екенін білдік. Тілсіз жұрт жансыз жұрт секілді екенін аңғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік, Гаспринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух кіргізді» деп жазды.

Қазақтың көрнекті саясат және қалам қайраткері М.Дулатұлы: «Русия мұсылмандарының ұстазы, мұсылмандардың жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп отыратын Исмағилбек Гаспрински» десе, елдегі атақты әулеттің өкілі Садуақас Шорманов: «Ысмағылбек Гаспрински жәнаптары «Тәржіман» газеті жарыққа шыққаннан бері қарай қазаққа «Қала бол, сол уақытта өнерге аяқ басарсың» деп неше түрлі сөзбен артықшылығын көрсете келеді. Құлаққа алған болды ма?.. Біздің кейбір ескі ойлы адамдарымыз төте оқудан қорқады, бұ қорқуда ұнамсыз деп түсінеміз» деп бағалады.

Мұстафа Шоқайдың «Бірлік туы» газетіндегі серігі, көрнекті қаламгер Хайретдин Болғанбаев: «Исмағилбек сынды ерді жоқтап, мұңайып, қамығып қана қоймай, оның

салған жолын, көздеген арманын, қылған қызметтерін ойлап, сол жолды өзіне жол танып, сол арманды өзіне Қағба біліп, солардан ғұмырда айырылмауға өз-өзіне ант беру керек. Рахметті бабамыздың көздеген арманы ұлтын ілгері бастыру еді, түскен жолы ұлтын сүю еді. Біз, шәкірттеріне де, бұлар – парыз. Бұл істерін ұмытпау – біздің борышымыз» деп серт береді.

Алаштың сарқыты, кеңес заманына жеткен көзі дерлік Мұхтар Әуезов те Абай туралы жазған еңбектерінде Ы.Гаспыралының тарихи рөлін еске алып отырады. Мысалы, әйгілі абайтанушы бір тұста: «XIX ғасырдың екінші жарымында Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылдар дін реформашыларының ішіне араласады... Жәләлиддин Ауғани, Мұхамет Ғабуһи, Шиһабидин Мәржани, Смағұл Гаспринский... Кезі келіп, өріс алса, әлеуметтік жұмысқа ру мен ауыл шегінен шығып, мемлекеттік масштабта араласса, Абайдың шың дап тоғысатын кісілері осылар» деп орағыта шындықты айтса, енді бір жерде: «Тәржүмән» газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді» деп, көмбенің бір шетін көрсетіп кетеді.

Қазақ тарихында Ы.Гаспыралы туралы алғашқы тәржімхәлдің бірі – «Қазақ» газетінде Түрік баласы жариялаған «Исмағұл бек Гаспрински» атты мақала. «Түрік баласын» алаштанушы-ғалымдарымыздың ішінде С.Аққұлыұлы – Ә.Бөкейхановтың, ал М.Әбсемет пен С.Иманбаева – М.Дулатұлының, Ғ.Әнес – А.Байтұрсынұлының псевдонимі санайды.

«Алаш жазбасында» Ысмайыл Гаспыралы алдына қойған мақсатын абыроймен атқарып, тұтас түркі халқының «зор тәрбиешісі, ұлығ ұстазы, ардақты атасы» болғаны жазылған. Біздіңше, осыдан бір ғасыр бұрын берілген тарихи баға әлі құнын жойған жоқ.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Қазақстан Республикасы ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор.